

Астана және Алматы қалаларында 2011 жылғы 7-қысқы Азия ойындарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 маусымдағы N 492 Қаулысы

Ескерту. Қаулының тақырыбындағы және мәтініндегі "Алматы қаласының" деген сөздер "Астана және Алматы қалаларының" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2008.10.15 N 948 Қаулысымен.

Астана және Алматы қалаларында 2011 жылғы 7-қысқы Азия ойындарын сапалы дайындауды қамтамасыз ету және өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. 2011 жылғы 30 қаңтар - 6 ақпанда Астана және Алматы қалаларында 7-қысқы Азия ойындары (бұдан әрі - Ойындар) өткізілсін.

2. Қоса беріліп отырған Ойындарды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) құрамы бекітілсін.

3. Ұйымдастыру комитеті жылына кемінде екі рет облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің спортшыларды Ойындарға қатысуға даярлау жоспарларының орындалуы, спорт объектілерінің салыну барысы мен Астана және Алматы қалаларының Ойындарды өткізуге дайындығы туралы есептерін тындасын.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.10.15 N 948 Қаулысымен

4. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі:

1) 2007 жылғы 1 желтоқсанға дейін Ойындарды дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының **Үкіметіне** енгізсін;

2) Қазақстан Республикасы спорт делегациясының Астана және Алматы қалаларындағы 2011 жылғы Ойындарға дайындығын және табысты өнер көрсетуін қамтамасыз етсін және жылына кемінде екі рет Ойындарды өткізуге арналған спорт құрылыштарын салу мен қайта жаңарту мәселесін қарасын.

5. Астана және Алматы қалаларының әкімдері жылына кемінде екі рет әкімдіктер отырыстарында қалалардың Ойындарды өткізуге арналған инфрақұрылымын дамыту жөніндегі **мәселелерді** қарасын.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.10.15 N 948 Қаулысымен

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2007

жылғы

13

маяусымдағы

N

492

қаулысымен

бекітілген

Астана және Алматы қалаларында 2011 жылғы 7-қысқы**Азия ойындарын дайындау және өткізу жөніндегі****үйімдастыру комитетінің құрамы**

Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.10.15 N 948, 2009.10.26 N 1666, 2010.07.03 N 693, 2010.12.13 N 1352 Қаулыларымен.

- | | |
|----------------------|--|
| Мәсімов | - Қазақстан Республикасының Премьер-министрі, тәраға |
| Кәрім Қажымқанұлы | - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі, Қазақстан Республикасы ұлттық олимпиада комитетінің президенті, тәрағаның орынбасары |
| Досмұхамбетов | - Астана қаласының әкімі, тәрағаның орынбасары |
| Темірхан Мыңайдарұлы | - Алматы қаласының әкімі, тәрағаның орынбасары |
| Тасмағамбетов | - Астана қаласының әкімінің орынбасары |
| Иманғали Нұргалиұлы | - Алматы облысы әкімінің орынбасары |
| Есімов | - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті спорт инфрақұрылымы және лицензиялау басқармасының бастығы, хатшы |
| Ахметжан Смағұлұлы | - Астана қаласы әкімінің орынбасары |
| Қазбеков | - Алматы облысы әкімінің орынбасары |
| Қанат Мелдебекұлы | - Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары |
| Балаева | - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі |
| Аида Ғалымқызы | - Астана қаласы әкімінің орынбасары |
| Мұқанов | - Алматы облысы әкімінің орынбасары |
| Серік Мейірханұлы | - Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары |
| Мұқашев | - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі |
| Мәулен Шапанбайұлы | - Астана қаласы әкімінің орынбасары |
| Әбдіқалықова | - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі |
| Гүлшара Наушақызы | - Астана қаласы әкімінің орынбасары |

Баймағанбетов	- Қазақстан Республикасының
Серік Нұртайұлы	Ішкі істер министрі
Жемішев	- Қазақстан Республикасының Қаржы
Болат Бидахметұлы	министрі
Жұмағалиев	- Қазақстан Республикасының Байланыс және
Асқар Қуанышұлы	ақпарат министрі
Жұмағұлов	- Қазақстан Республикасының Білім және
Бақытжан Тұрсынұлы	ғылым министрі
Қайырбекова	- Қазақстан Республикасының Денсаулық
Салидат Зекенқызы	сақтау министрі
Құл-Мұхаммед	- Қазақстан Республикасының Мәдениет
Мұхтар Абрарұл	министрі
Күрішбаев	- Қазақстан Республикасының Ауыл
Ақылбек Қажығұлұлы	шаруашылығы министрі
Құсайынов	- Қазақстан Республикасының
Әбілғазы Қалиақпарұлы	Көлік және коммуникация министрі
Мыңбаев	- Қазақстан Республикасының Мұнай және
Саят Мұхаметбайұлы	газ министрі
Нокин	- Қазақстан Республикасы Құрылыш және
Серік Кеңесұлы	тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері
агенттігінің төрағасы	
Жошыбаев	- Қазақстан Республикасы
Рәпіл Сейітханұлы	Сыртқы істер министрлігінің жауапты
хатшысы	
Ермегияев	- Қазақстан Республикасының Туризм
Талғат Амангелдіұлы	және спорт вице-министрі
Құсайынов	- Қазақстан Республикасының Экономикалық
Марат Әпсеметұлы	даму және сауда вице-министрі
-	
Петров	- Қазақстан Республикасының Төтенше
Валерий Викторович	жағдайлар вице-министрі
Тұрғанов	- Қазақстан Республикасының Индустрія
Дүйсенбай Нұrbайұлы	және жаңа технологиялар вице-министрі
Жарасов	- Қазақстан Республикасы Ұлттық
Жанат Абдоллаұлы	қauіпсіздік комитеті төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)	
Қанағатов	- Қазақстан Республикасы Туризм және
Елсияр Баймұхамедұлы	спорт министрлігі Спорт комитетінің
төрағасы	

Досымбетов	- Қазақстан Республикасы Ұлттық
Тимур Камалұлы	Олимпиада комитетінің бас хатшысы
Қарманов	- Қазақстан Республикасы Ұлттық
Жарылқасым Сәлімгерейұлы	қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы орталық штабының бастығы (келісім бойынша)
Құлназаров	- "2011 жылғы 7-қысқы Азия ойындарын ұйымдастыру комитетінің атқарушы дирекциясы" акционерлік қоғамының
Анатөлі Қожекенұлы	президенті (келісім бойынша)
Мамин	- «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының
Асқар Ұзақпайұлы	президенті (келісім бойынша)
Таласбаев	- Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Ерлан Есімғалиұлы	министрлігінің Орталық армия спорт клубының бастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК